

FTAMP 16.21.27

Н.Н. Оразхан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ АХУАЛЫ

Еліміздегі мемлекеттік тілдің қызметі әр түрлі екені белгілі. Мемлекеттік тілдің қай жерде қай салада қандай дәрежеде екені кейбір басқару органдары мамандарына белгілі болуы мүмкін, бірақ тілдік жоспарлауда тіл саясатын жүргізетін мекемелер ескере бермейді. Республика бойынша белгіленген шаралар нақты фактілерге негізделмей, сөзге құрылады, бұл тілдердің жер-жерде тиісті дәрежеде дамуын өз деңгейінде қамтамасыз етпейді. Мақалада қазақ тілінің елімізде мемлекеттік мәртебеге лайық қызмет атқаруы үшін алдымен қоғамдағы нақты жағдайын анықтап, сол жағдайды жөндейтін жолдарды іздестіру қажет екендігі айтылады. Осындай мақсатқа жету үшін, жергілікті тілдік жағдайға өзара әсер ететін түрлі факторларды қарастырылады. Қазақстанның Орталық аумағының білім жүйесіндегі мемлекеттік тілдік ахуал мәселелері социолингвистикалық тұрғыдан зерттеледі.

Кілт сөздер: қазақ тіл, әлеуметтік лингвистика, көпэтносты, орталық аймақ, тілдік ахуал, білім жүйесі.

КІРІСПЕ

Қазіргі кездегі Қазақстанды әлеуметтік лингвистикалық аймақтарға бөліп, әр аймақтың тілдік ахуалына қарай мемлекеттік тіл мен өзге тілдерді дамытудың тетігін жасау, сол арқылы тұтастай ел аумағындағы тілдік құрылысты жоспарлау мен реттеу, яғни ғылыми негізделген тіл саясатын жүргізу лингвистикалық ғылыми ортада қызығушылық туғызғанмен, мемлекеттік және саяси ортада іске асуы қолға алынған жоқ. Сондықтан бізге әр деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлердің, депутаттардың, саясаткерлердің, назарын аударатын мәселелерді: әр аймақтағы этникалық топтардың сандық, әлеуметтік жағдайы, географиялық таралуы, көші-қон үдерістері, қазіргі көпэтносты Қазақстан мен жаһандану әлемінде маңызды орынға шығып отырған аймақ тұрғындарының өмір сүру жағдайлары мен мәдениеттердің әр алуандығы (азиялық пен еуропалық, оңтүстік пен солтүстік, батыс пен шығыс, қала мен ауыл, жат жұрттық және жергілікті), ондағы тұрақтылық факторы, қазақ және өзге этнос тілдерінің қолдану салаларының сипаты және олардың әртүрлі өмір салаларындағы қызметі, қостілділік, көптілділік түрлері т.б. мұқият зерттеуді қажет етеді [1].

Бүгінде аймақтық тілдерді дамыту жөніндегі басқармалар Қазақстан халқы бірлігінің факторы ретінде толерантты тіл ортасын құруды қамтамасыз етуге, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, лингвистикалық капиталдың сақталуына және ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын жүргізуге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді. Осы бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты - тіл саясатын жүзеге асыру бағытындағы іс-шараларға жастарды жаппай тарту және оларда қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан саяси-экономикалық жағынан, Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік және Орталық аймаққа бөлінген. Әр аймақтың географиялық жағдайы, диаспораның шоғырланған аумағы да әртүрлі болып келгендік Тіл саясатын аймақ бойынша жүзеге асыру - әр аймақтың демографиялық және діни құрамына, геосаяси жағдайына, білім мен мәдениетінің ерекшеліктеріне, елдегі ұлттың өкілдерінің орналасуы жиілігіне байланысты болып келеді. Көп жағдайда тілдік ахуал диаспоралардың саны мен сапасына, ұстанымына, тарихи отандарының жақын-қашықтығына байланысты.

Статистикалық деректерде Қазақстанда соңғы 5 жылда қазақ мектептерінде оқитын бала саны 18 пайызға, орыс мектептерінде оқитын бала саны 20 пайызға артқан. Мұндай үрдістің себебін Орталық Қазақстан аумағының білім жүйесінен бастасақ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Облыстың қай аумағын алсақ та, аралас мектептердің басымдығы байқалады. Әсіресе, әлі де қазақ тілі ақсап тұрған негізгі қалаларынан (Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, т.б.) айқын көрінеді. Мысалға, Қарағанды облысына қарайтын Теміртау қаласында 32 мектеп бар. 32 мектептің төртеуі қазақ мектебі, орыс мектептері – 16, аралас мектептер – 12. Теміртау қаласында 23 616 оқушы болатын болса, соның 8 186-і қазақ тілінде білім алады, қалған 15 430 оқушы орыс тілінде оқиды. Бұл – бір ғана Теміртау қаласындағы жағдай. Ал аталған аймақтың барлық қалалардағы соңғы жылдардағы (2019/2020) оқу жылының оқыту тілдері бойынша мектептердегі оқушылар санына тоқталатын болсақ [2]:

<i>P/C</i>	<i>Қалалары</i>	<i>Оқушылар саны</i>	<i>Оқу тілі</i>	
			<i>Қазақша</i>	<i>Орысша</i>
1	Қарағанды	67 125	25 338	41 787
2	Саран	5 245	1 285	3 960
3	Теміртау	23 616	8 186	15 430
4	Шахтинск	7 521	1 876	5 645
5	Балқаш	11 603	7 987	3 616
6	Приозер	1 907	1 558	349
7	Сәтбаев	11 265	7 821	3 444
<i>P/c</i>	<i>Аудандары</i>			
1	Абай	8 318	2 655	5 663
2	Бұқар жырау	8 436	5 133	3 303
3	Нұра	3 833	2 603	1 230
4	Осакаров	4 869	1 622	3 247
5	Ақтоғай	2 913	2 657	256
6	Шет	7 144	6 304	840
7	Қарқаралы	5 523	4 804	719
	БАРЛЫҒЫ	169 318	79 829	89 489

2020 жылғы дерек бойынша Қазақстанда жалпы білім беретін 7440 мектеп бар. Оның ішінде 3809 мектеп қазақ тілінде, 1287 мектеп орыс тілінде білім береді. 2319 мектеп – араластілді. 7440 мектепте 3 млн 481 мың 347 оқушы оқиды. 1 млн 519 мың 786 оқушы қазақ мектепте, 412 мың 216 оқушы орыс мектепте білім алады. 1 млн 535 мың 750 оқушы аралас мектепте оқиды. Қарағанды облысының оқушыларының саны жалпы Қазақстан аумағы бойынша 4,86 пайызын құрайды. Оның ішінде орыс тілді білім алатын оқушылар 21,7 пайызын, қазақ тілді білім алатын оқушылар небәрі 5,2 пайызын құрайды екен. Осылайша, бұл облыста орысша білім алатын оқушылар санының өсу динамикасы жоғары екенін көрсетіп тұр.

Қазіргі орыс тіліндегі мектептердегі оқушылардың саны мен қазақ тіліндегі мектептердің оқушылардың санын салыстыра қарасаңыз, бір ғана Қарағанды қаласында 67 125 оқушының 62,2 пайызы орыс тілінде білім алып жатыр. Бұл халықтың жартысынан көбі орыс тілінде білім алып жатыр.

Демек, аймақта соңғы санақ бойынша қазақтар саны басым болғанымен және демографиялық қуаттылығына қарамастан, аймақта қазақ тілі күнделікті қатынастың өзінде орыс тіліне жол береді. Оған әсер етеушілер тек басқа этнос өкілдері ғана емес, мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың да, қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтар болып бөлініп, бір тілге көшпеуінен. Әрине, бұл жердегі басты мәселе - азаматтардың (оның ішінде, қазақтардың) әлі де болса, мемлекеттік тілдің болашағына деген сенімдерінің жоқтығы. Қазақ тілінде сөйлеушілердің саны орыс тілін меңгергендер санына жетпей отырғандығы. Бұл психологиялық мәселені шешу тек қана мемлекеттің жұмысы емес, азаматтық қоғамның, бірінші орында, ата-аналардың да міндеті екеніндігінде.

Халықтың білім алған тілі мен күнделікті өмірде сөйлесу тілдерінің арасында айқын байланыс бар. Мысалы, қазақ немесе орыс тілінде орта білім алғандар арасындағы пропорция мен қазақ немесе орыс тілінде жоғары білім алғандар пропорциясымен жалпы сәйкес келеді. Сондықтан қай этнос болмасын білімді қай тілде алса, ол сол тілде сөйлеп, сол тілдің сөйлеушілер санын көбейтеді. Алайда азаматтардың балаларын қазақ тіліндегі мектепке бермеулерінің тағы да бір себеп - қазақ мектептерінің ғимаратының, техникалық базасының төмендігі.

Балаларын орыс мектебіне беретін ата-аналар арасында қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарайтын, "қазақ тілі тұрмыс тілі деңгейінде қалып қоюы мүмкін" деп ойлайтын ата-аналар аз емес. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деп Хакім Абай атамыз айтқандай, халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, мектеп, балабақшалар да үздіксіз қолданылатын болса, оның жас ұрпаққа берері мол болмақ. Қазіргі таңда Қазақстанның әр аймақтарында, ауыл шеткейлерінде балабақшалар мен қатар шағын орталықтар күнен - күнге арта келеді. Бұл білім беруің алғашқы сатысы дамымай біз алға қадам баса алмаймыз. «Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінді қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның айғағы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор. Ал енді айтар түйініміздің осы мектепке дейінгі білім жоғарыда айтылғандай елімізде қандай тілдік деңгейде дамып келеді. Қарастырып отырған аймақ бойынша, соған бір шолып саралап көрейік.

Қарағанды облысында жалпы аумақ бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық) 503, ал балалар саны 51 231 құрайды. Оның ішінде **1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшалармен қамту бойынша [2]:**

Жалпы облыс бойынша	Мектепке дейінгі ұйымдар саны	Орындар саны	Балалар саны
Қарағанды облысы	191		37 594
Қала / ауыл	147 / 44	34 071	32 951 / 4643
Қарағанды қ.э.	56	...	13 999
Балқаш қ.э.	13	...	2 498
Приозер қ.э.	4	...	497

Саран қ.э.	7	...	1 234
Сәтбаев қ.э.	16	...	2 686
Теміртау қ.э.	21	...	4 901
Шахтинск қ.э.	7	...	1 996

Оқыту тілі бойынша (мектепке дейінгі ұйымдар мен топтар):

Облыс бойынша барлығы	Бір ғана тілде тәрбие беретін мектепке дейінгі барлық ұйымдар (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық)		Екі тілде тәрбие беретін мектепке дейінгі барлық ұйымдар (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық)	
	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
Қарағанды обл.	261	37	205	205
ондағы топ саны	549	161	1 091	1 037
ондағы балалар саны	14 183	3 340	18 570	15 138

Жалпы облыс бойынша 0 жастан 7 жасқа дейінгі барлық балалар саны 122 573. Оның ұлттық құрамына тоқталатын болсақ 28 775 қазақ, 16 641 орыс, 5 815 басқа ұлт өкілдерінің балалары. Сонда Қарағанды облысындағы мектепке дейінгі балалар санының 11,3 пайызын басқа ұлт, ал 56,1 пайызы қазақ балалары құраса, аймақтағы 63,9 пайыз балалар қазақ тілінде мектепке дейінгі ұйымдарда білім алады екен. Ал орыс ұлттың балалары 32,5 пайызын құрағанымен, орыс тілінде мектепке дейінгі ұйымдарда білім алатындар 36 пайыз құрап тұр. Демек, басқа ұлт өкілдерінің 3,5 пайызы балаларының орыс тілінде білім алғанын жөн көреді.

Қарағанды облысында тұратын азаматтық белсенді Жексен Әбдірахманов осындай тілдік ахуалдың қалыптасқанына билікті кінәлайды. Талай жылдан бері тіл мәселесімен айналысып келе жатқан маман Дос Көшім бұл заң 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған Қазақ КСР-інің "Тіл туралы" заңынан айырмашылығы аз деген пікірде. Ол "қазақ тілінің мәселесін тек билік шеше алады, ал оған билік құлықсыз" деп санайды. Қазақстанда бірнеше рет мемлекеттік тілге қатысты заң қабылдауға талпыныс жасалып, билік тарапынан қолдау таппаған. Қазіргі қолданыстағы "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңы 1997 жылы қабылданған [3].

Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндия, Канада, Сингапур, Гонконг, Тайвань секілді елдер бар. Олардың білім беру жүйелерін саралағанда, бұл елдер орта білім беру жүйесінде ұлттық-рухани тәрбие мәселесіне баса назар аударатынына көз жетті. Осы анализдің өзінен-ақ қай ел өз баласына ұлттық-рухани тәрбие беріп отыр, сол елдің білім сапасы жоғарыдан көрінетіні айқындалады. Демек, қазақ баласы қазақ тілінде оқығанда рухани-адамгершілік тәрбие алуына кеңінен жол ашылады. Сәйкесінше, білім сапасы жоғары болады деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орыс тілі қазіргі кезде осы аймақта ғана емес, күллі Қазақстанда әлеуметтік қатынастың барлық саласында қызмет ететін макроделдал-тілге айналды. Базалық демографиялық қуаты бойынша қазақ және орыс тілдерінің іс жүзінде маңызы бірдей, бірақ

орыс тілінің коммуникативтік қуаты жоғары деңгейде қала береді. Тіпті тек қазақ халқы ғана қоныстанған моноэтникалық аудандардың өзінде аудандық, ауданаралық, облыстық, облысаралық, республикалық басқармалармен ресми хат алысуларда орыс тілі әлі де белсенді қолданылатынын айта кету қажет [4].

Лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі болып келетін осындай аймақтар елдің тіл дамыту барысына жайсыздық әкеледі. Демек, тіл проблемалары алдымен аймақтық тұрғыда зерттеліп, оған әсер етуші күші бар объективті және субъективті факторлары анықталып, нақтылы шаралар жүйесін жасап барып шешілу керек.

Бүгінгі жағдай еліміздің әр аймақтарындағы тілдік үрдістерді ғылыми тұрғыда, объективті түрде зерттеу және ұтымды тілдік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу қажеттілігін алға шығарып отыр. Бұл орайда тілдің нақты таралу аймағы мен көлемін және оның қоғамдағы қолданысын кеңейтудің нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет [5].

Осыларды негізге алып қарасақ, қазақ тілін оқып-үйренудің базалық негізі бар оңтүстік пен батыс аймақтарда қазақ тілінің қолданылу өрісін неғұрлым қалалық жерлерде дамыту керек болса, орыс және өзге тілдерді басым көпшілігінде қазақтар орналасқан ауылдық аудандарда қазақ-ұлттық екі жақты қостілділігін дамыта отырып оқыту, үйрету керек. Демек, бұл аймақта мемлекеттік тілді дамыту алдымен аймақтың геосаяси және демографиялық саясатпен бірлікте қарастырылуы керек.

* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алматы облысының тілдік ахуалы: әлеуметтік зерттеу және мониторинг. – Алматы: Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, 2021. -175 б.
- 2 2020 жылғы Қарағанды облысы бойынша алдын ала деректер» / Статистикалық жылнамалық - қазақ және орыс тілдерінде / -151 бет [Электронды ресурс]: www.stat.gov.kz
- 3 Баласын орыс мектебіне беретін қазақтар неге көбейіп жатыр? Тіл әлемі. [Электронды ресурс] Сілтеме: <https://tilalemi.kz/article/2763-.html>
- 4 Абасилов А. Мемлекеттік тіл: Әлеуметтік лингвистикалық проблемалары, оларды аймақтық тұрғыдан шешу жолдары. Монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2021
- 5 Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы. – Алматы, 1996.

Материал 15.06.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 *Almaty oblysinin tildik ahualy: aleumettik zertteu jane monitoring* (2021) [Linguistic situation of Almaty region: social research and monitoring]. – Almaty: International Society “Kazakh language”, 175 p. (In Kazakh).
- 2 *2020 zhilgy Qaragandı oblysy boyynsha aldın ala derekter* [Statistical yearbook in Kazakh and Russian languages]. – P. 151. [Electronic resource]: www.stat.gov.kz (In Kazakh).
- 3 *Balasin orıs mektebine beretin qazaqtar nege kobeyip zhatyr? Til alemi* [Why are Kazakhs sending their children to Russian schools increasing? The world of language]. [Electronic resource] Link: <https://tilalemi.kz/article/2763-.html> (In Kazakh).
- 4 Abasilov A. (2021) *Memlekettik til: Aleumettik lingvistikalıq problemaları, olardı aymaqtıq turgıdan sheshu zholdary. Monografiya* [State language: Sociolinguistic problems, ways to solve them from a regional point of view] – Almaty: State Language Development Institute. (In Kazakh).

5 *Qazaqstan Respublikasının til sayasatı tujırdamasy (1996)* [Concept of language policy of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty. (In Kazakh).

Статус государственного языка в системе образования центрального региона Казахстана

Н.Н. Оразхан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050000, Республика Казахстан

Известно, что функция государственного языка в стране различна. Некоторые государственные чиновники могут знать, где и в какой степени находится государственный язык, но языковая политика не учитывается при языковом планировании. Меры, установленные для страны, основаны не на конкретных фактах, а на словах, что не обеспечивает должного развития языков на местах. В статье говорится о том, что для того, чтобы казахский язык функционировал в стране в соответствии с государственным статусом, необходимо сначала определить реальную ситуацию в обществе и найти пути ее исправления. Для достижения этой цели рассматриваются различные факторы, взаимодействующие с местной языковой ситуацией. Проблемы положения государственного языка в системе образования Центрального региона Казахстана исследуются с социолингвистической точки зрения.

Ключевые слова: казахский язык, социолингвистика, полиэтничность, центральный регион, языковая ситуация, система образования.

Материал поступил в редакцию журнала 15.06.2022

Status of the state language in the education system of the Central Region of Kazakhstan

N.N. Orazkhan

Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

It is known that functions of the state language in the country are different. Some government officials may know the disposition of the state language, but language policy is not taken into account in language planning. The measures set for the country are not based on specific facts, but are rather abstract, which does not ensure the proper development of languages on the spot. The article argues that, in order for the Kazakh language to function in the country in accordance with the state status, it is necessary to first determine the real situation in society and find ways to correct it. To achieve this, various factors that interact with the local language situation are considered. Problems of the state language situation in the education system of the Central Region of Kazakhstan are studied in a sociolinguistic perspective.

Key words: Kazakh language, sociolinguistics, multiethnicity, Central Region, language situation, education system.

Received: 15.06.2022